

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық үйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысусымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 және "Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жүгінуге уәкілеттік берілген органдар мен үйым туралы" 2015 жылғы 6 мамырдағы № 20 жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 526 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық үйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысусымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 46, 416-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық үйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысусымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидаларына:

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Халықаралық сот органының сұрау салуын алған мемлекеттік орган ұсынылған ұсыныстар, ақпарат және өзге де құжаттар негізінде шоғырландырылған жауап дайындауды және оны СІМ арқылы дипломатиялық арналар бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың Сотын (бұдан әрі – Одақ Соты) қоспағанда, тиісті халықаралық сот органына одан әрі жіберу үшін СІМ-ге ұсынады.

Одақ Сотының сұрау салуына шоғырландырылған жауап Әділет министрлігіне жіберіледі.

Ратификацияланған халықаралық шарттарда, Президенттің, Президент Экімшілігі басшылығының, Премьер-Министр мен оның орынбасарларының тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, халықаралық сот органының сұрау салуына шоғырландырылған жауапты немесе өзге ақпаратты тікелей жіберуге жол берілмейді.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Халықаралық сот органына жүгінуге бастама жасап отырған уәкілетті мемлекеттік орган 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде тиісті өтініш жобасын СІМ-мен, Сауда және интеграция министрлігімен, Әділет министрлігімен келіседі және өтініштің келісілген жобасын тиісті халықаралық сот органына жібергенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ол туралы белгіленген тәртіппен Президент Экімшілігін және Премьер-Министр Кеңесін хабардар етеді.

Одақ Сотына жүгінген жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес дайындалған өтінішті Әділет министрлігіне жібереді.

Әділет министрлігі осы Қағидалардың 37-тармағының екінші абзацында және 40-тармағында көзделген мемлекеттік органдар хаттарының түпнұсқаларын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды дипломатиялық арналар арқылы одан әрі Одақ Сотына жіберу үшін СІМ-ге ұсынады.";

2) "Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жүгінуге уәкілеттік берілген органдар мен ұйым туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 20 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 29-30, 188-құжат):

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер, Индустрія және инфрақұрылымдық даму, Ұлттық экономика, Сауда және интеграция, Әділет және Қаржы министрліктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты (бұдан әрі – Шарт), Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Одақ органдарының шешімдерін іске асыру мәселелері бойынша туындастын дауды қарau;

2) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер, Индустрія және инфрақұрылымдық даму, Ұлттық экономика, Сауда

және интеграция, Әділет министрліктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақтың сотына (бұдан әрі – Одақ Соты) Қазақстан Республикасының атынан жүгінуге үәкілеттік берілген мемлекеттік органдар болып табылады деп белгіленсін.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік органдардың Одақ Сотына өтініштері Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық үйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен жіберіледі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК